

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Тазша бала -Тіл мерекесінде!»

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.01.2021

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/90303/>

Технологиялық карта.

Білім беру саласы: Қатынас, Әлеумет, Шығармашылық.

Білім көздері: Тіл дамыту, айнала қоршаған орта, музыка.

Тақырыбы: «Тазша бала -Тіл мерекесінде!»

Мақсаты:

Балалардың патриоттық сезімін ояту, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Халқымыздың ана тілін сақтауға тәрбиелеу.

Құрал - жабдықтар: Нақыл

сөздер, суреттер.

Әдіс - тәсілдер:

Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ - жауап, ойын.

Сөздік жұмыс: Сыйлау,

құрметтеу. « 22-қыркүйек Тіл мерекесі!»

Сабақтың барысы:

Қазақстан Республикасының

әнұраны орындалады.

Тәрбиеші: Балалар, құтты болсын

тілің бүгін,

Ашатын жан сарайын білімдердің.

Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан,

Тіліңе зер салыңдар бұрынғының.

Қайырлы

күн, балалар!

Біздің

елімізде «22-қыркүйек Тіл мерекесі күні болып саналады» Бүгінгі тіл мерекесі құтты болсын!

— Қанекей балалар, тіл

мерекесін бастайық !

(сол кезде, есікті қағып Тазша

бала келеді. Қолында домбырасы бар)

Тазша бала: Ассалаумағалекүм!

Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Тазша бала: Балалар, сендер мені таныдыңдар

ма?

Балалар: Жоқ!

Тазша бала: Ендеше, таныс болайық балалар.

— Менің

атым Тазша бала.

Сендер бүгін, өте

әдемі, сұлу, сымбатты болып кетіпсіңдер ғой.

Не, болып жатыр бұнда?

Тәрбиеші: Сен, не білмейсің бе? Бүгін, мерекеғой.
Тазша бала: Қандай мереке?

Тәрбиеші:

Қане балалар,Тазша балаға айтыңдаршы есіне түссін , қандай мереке екенін.
Балалардың жауабы: Тіл мерекесі...

Тазша бала: Ия,ия, енді есіме түсті,бүгін мерекеғой.
22- қыркүйек -Тіл мерекесі!»

Балалар: «
Тәрбиеші: Тазша

бала,бүгін тіл- мерекесін тойлап жатқанда келдің,төрлет қонағымыз бол. Балалардың,тіл мерекесіне деген тақпақтары мен әндерін,ертегілік қойылымдарын көріп,тамашалап,демал.

Тазша бала:

Рахмет,рахмет.

Тәрбиеші: Әрбір тілде

сөйле,әлемді таң қылып.

—

Ана тілін білмеу қандай заңдылық.

—

Өсер балаң, байтақ далаң

тұрғанда,

—

Қазақ тілі жасау керек

мәңгілік.

Ал енді, балалар тіл мерекесіне арналған

тақпақтарымызды айтып берейік те,Тазша баланы таң қалдырайық.(Балалардың тақпақтары) Меруерт,Дильназ,Айша,Женя, Толғанай,Бақтияр,Рамазан,Альдияр,Ханзере

Тазша бала: Қандай тамаша! Керемет.

Тәрбиеші: Тазша

бала, біздің балалар тіл туралы мақал-мәтелдер де біледі.

Тазша бала: Қане,қане тыңдайық.

(Балалардың мақал-мәтелдері) Аяна, Амир-Али,Толғанай,Ханзере,Әлім.

Тазша бала: Мақалды көп білетін,қандай ақылды балалар.

—

— Маған қатты ұнады.

Тәрбиеші: Тазша

бала,біздің балалар, ана тілін құрметтей біледі.

— Тілдің

қадірін біледі.

Тазша бала: Онда,балалар,айтыңдаршы,қандай қазақ ертегілерін білесіңдер?

Балалар: « Алтын сақа», « Қарлығаштың құйрығы неге айыр? » « Мақта қыз бен Мысық »

Тәрбиеші: Балалар,біз өзіміздің қазақ

ертегілерін жақсы білеміз.

Ендеше ,Тазша балаға «Мақтақыз бен Мысық»

ертегісін сахыналап берсек қайтеді? (Балалар ертегіні сахыналайды)

Тәрбиеші: Тазша бала,балалардың өнерлері, қойылымдары ұнады ма?

Тазша бала: Қандай керемет, балалар ертегіні өте жақсы біледі екен,қызықты

болды.Маған қатты ұнады.

Тәрбиеші: Тазша бала,бұл тақпақтар

да, әндер де,ертегіні сахыналау да, балалардың өз тіліне деген құрметі, сүйіспеншілігі,қызығушылығы.

Тазша бала: Балалар,сендердің өнерлеріңді көріп

риза болдым.Рахмет!

Ал енді,сендермен бір «сұрақ-жауап» ойынын

ойнайық.

Балалар: Ойнаймыз!

Тазша

бала: Еліміз бен Жеріміз туралы, кім көп біледі екен?

Соны тексерейін!

Д/О: «Соны Кім көп біледі?» (сұрақтар)

1. Біз қай Республикада тұрамыз?
2. Біздің астанамыз?
3. Біздің елбасымыз?
4. Біздің тұратын қаламыз?
5. Тіл мерекесі қай айда болады?

Тәрбиеші: Тазша бала,балалардың жауабы көңліңізден шықты ма?

Тазша

бала: Балалар ,бүгінгі мерекеге өте жақсы дайындалып келіпті,өздері ақылды,алғыр екен.Балалардан, мен қатты ұялып тұрмын.

Тәрбиеші: Неге?

Тазша бала: Балалар тіл мерекесіне жақсылап дайындалған, әдемілеп киінген, тақпақ, мақал-мәтелдерін жаттаған.

Ал мен болсам, еліміз тойлап жатқан мерекені ұмытып қалыппын.

Тәрбиеші:

Тазша бала , сен ренжіме. Бірақ, бүгіннен бастап сен де барған,жүрген жеріңде осы Тіл-мерекесі туралы айтып жүретін бол!

Тазша бала: Ия,ия дұрыс айтасыз!

Енді мен, басқа балабақшаға да барып,осы №7 бала -бақшасының «**Айгөлек**» мектепалды даярлық тобы « тіл мерекесін»қалай өткізіп жатқандығын хабарлауға асығайын.

Тәрбиеші: Тазша

бала, тоқтай тұр,бізбен бірге көңліңді көтеріп би биле. «**Қаражорға**» биі.

Тазша бала: Билесек ,билейік! (балалармен

би)

Тәрбиеші: Тазша бала, сенен қайда болдың десе, сен недейсің?

Тазша бала: Мен, яғни Тазша бала «Тіл мерекесінде» болдым деймін.

Мен

асығайын балалар.

Тәрбиеші: Балалар,Тазша баламен қоштасайық.

Балалар:Сау

болыңыз, Тазша бала!

Тазша бала: Сау

болыңдар, балалар! Көріскенше.

Тәрбиеші:

Балалар,сендерге тіл -мерекесі ұнады ма?

Балалар: Бізге ұнады, жақсы

өтті.

Тәрбиеші: — Мінікей,балалар, біздің «Тіл

мерекеміз» осымен аяқталды!

Технологиялық картаны толтырған :Орденхан Г.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.